

## Салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 4 қазандағы № 31/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қазанда № 4978 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 55/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 05.06.2020 № 55/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 546-бабына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Теміртау қалалық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 15/5 "Салық салу объектісінің бірлігінен тіркелген салық ставкаларының мөлшелерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2339 тіркелген, "Новый Теміртау" газетінде 2013 жылы 07 маусымда № 22 (092) жарияланған);

2) 2015 жылғы 9 маусымдағы № 39/5 "Теміртау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі 15 сессиясының № 15/5 "Салық салу объектісінің бірлігінен тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3278 тіркелген, "Вечерняя Караганда" газетінде 2015 жылы 24 маусымда № 25 (321) жарияланған, 2015 жылы 02 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, мәслихат хатшысы*

*А. Ломакин*

Теміртау қалалық мәслихатының  
2018 жылғы "04" қазандағы  
31 сессиясының № 31/4 шешіміне  
қосымша

## Салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

№ р/с	Салық салу объектісінің атауы	1 объектіге тіркелген салықтың белгіленген айлық мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш-термен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	10
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	4
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	15